

## Хаттама

**04-05.03.2023** жылы күні Балбөбек жекеменшік шағын орталығында «Аналар» мерекесіне орай іс-шара өткізілді.

### Қатысқандар:

Директор: Мусаева

Әдіскер: Сагпазова Г

Тәрбиешілер: 6

Барлығы: 7

### Күн тәртібінде:

1. №1 «Күншуақ» тобы: Тақырыбы: «Аналар -асыл қазынам!»

Өткізген тәрбиеші: М. С Тажигалиева

2. №2 «Балбөбек» тобы: Тақырыбы: «Аяулы анашым!»

Өткізген тәрбиеші: Н. Ж Уақбаева

3. №3 «Ботақан» тобы: Тақырыбы: «Анашым -күнім!»

Өткізген тәрбиеші: Кулибаева Г

### Тыңдалды:

Шағын орталықтың әдіскері Сагпазова Г өз сөзінде былай деді. Қымбатты әріптестер сіз өздерің көріп тамашалағандай Ертеңгіліктердің жақсы өтуі тәрбиешілердің ұйымдастыруына байланысты. Менің ойымша ертеңгіліктер жақсы деңгейде өткен сияқты. Енді сіздің ойларыңызды тыңдап көрейік. Күн тәртібіндегі №1 «Күншуақ» тобының ертеңгілігі бойынша №3 топ тәрбиешісі Кулибаева өз сөзінде: Маған №1 «Күншуақ» тобының ертеңгілігі ұнады. Кіп-кішкентай бүлдіршіндер әндердің сөздерін, тақпақтарды жақсы айтып тұр. Балалар өте жақсы мерекеге сай киінген. Тәрбиешіде қобалжымай ертеңгілікті жүргізіп тұр. Ата-аналар да балаларының өнерлерін тамашалап маз болып отырған сияқты. Ертеңгілік жақсы өтті деп ойлаймын.

№2 «Балбөбек» тобы тәрбиешісі Кулибаева мағанда ертеңгілік ұнады. Балалар өте жақсы қатысып тұр. Балалар көңілді жүрді.

Күн тәртібіндегі №2 «Балбөбек» тобының ертеңгілігі бойынша Тажигалиева өз сөзінде: Бұл топтың ертеңгілігі №1, топқа қарағанда кішкене шашыраңқы әрі қысқа болды. Тәрбиеші де қобалжып тұрды. Бірақ балалардың киімдері өте тартымды болды. Ата-анамен жұмыстың жақсы екені көрініп тұр. Ертеңгілікке келген кейіпкерлер өз рөлдерін жақсы орындады. Әсіресе Жаңа Доңыз жылы өз рөлін жақсы сомдады.

Күн тәртібіндегі №3 «Ботақан» тобының ертеңгілігі бойынша №2 «Балбөбек» тобы тәрбиешісі Уақбаева сөз сөйледі. Менің ойымша бұл ертеңгілік жақсы өтті. Балалардың дайындығы өте жақсы болған сияқты. Балалар орыс, ағылшын тілдерінде де тақпақтар айтып тұр. Санта клаустар биін жақсы орындады. Ата-аналармен ұйымдастырылған ойын өте тартымды болды. Күн тәртібіндегі №3 «Ботақан» тобының ертеңгілігі бойынша психолог Кулибаева сөз сөйледі. Менің ойымша барлық топтың ертеңгіліктеріне

қарағанда бұл топтың ертеңгілігі ерекше әрі ұзақ болды. Балалары да, тәрбиешісі де өте жақсы киінген. Балалардың билері ерекше болды. Жақсы дайындалғаны көрініп тұр. Басқа тәрбиешілер де ертеңгіліктерді осылайша өткізсе деп ойлаймын. №3 топ тәрбиешілеріне өз рахметімді айтамын.

1. №1 «Күншуақ» тобы: Тақырыбы: «Аналар - асыл қазынам!»  
Өткізген тәрбиеші: М. С Тажигалиева ертеңгілігі жақсы деп бағалансын!
2. №2 «Балбөбек» тобы: Тақырыбы: «Аяулы анашым!»  
Өткізген тәрбиеші: Н. Ж Уақбаева ертеңгілігі жақсы деп бағалансын!
3. №3 «Ботақан» тобы: Тақырыбы: «Анашым - күнім!»  
Өткізген тәрбиеші: Кулибаева Г ертеңгілігі өте жақсы деп бағалансын!

Төрайымы:

Хатшы:

*Сагпазова*  
*Кулибаева*

Сагпазова. Г

Кулибаева. Г